

Патриоттық тәрбие – мемлекеттің кемел болашағының кепілі

2015 жылдың 14 қазанында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының оқу залында әлеуметтік – гуманитарлық пәндер кафедрасы және Қостанай облысы әкімдігі дін істер жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен ҚР ауған ардагерлері одағының бірінші орынбасары және жергілікті оқшау соғыстарға қатысушысы Қайрат Әлиханұлы Тұлғаев және Қостанай облысы әкімдігі дін істері жөніндегі басқармасының бас маманы Сапарғали Әкімбекұлы Әбдиев республикалық ақпараттық – насиат шарасы аясында патриоттық-интернационалистік тәрбие және экстремизм, оның мемлекетке әкелер зардаптары туралы тыңдаушылармен оқыту семинарын өткізді.

Кездесу барысында сарапшы Қайрат Әлиханұлы «Патриотизм – отбасында, туып – өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Ел Президенті Н.Назарбаевтың: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн», - деуі патриотизмге баулудың жарқын үлгісін іспетті. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау парасатты ойдан бастау алатындай» - деген ойларын үлгі ретінде келтірді.

Жалпы оқыту семинарының негізгі мақсаты тыңдаушыларға қажетсіз соғыстың қасіреті жайлы мағлұмат беру. Ауған соғысының ардагерімен кездесу арқылы сол соғыс жайлы кеңінен мәлімет алу. Тыңдаушыларды ерлікке, ұлтжандылыққа, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Ақпараттық - насихат тобының сарапшысы, ауған соғысының ардагері Қайрат Әлиханұлы Тұлғаевтың оқыған дәрісі академия тыңдаушылары мен оқытушы – профессорлар құрамына да қызықты болды.

Қуаныш МЫРЗАХМЕТ
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
әлеуметтік – гуманитарлық пәндер
кафедрасының оқытушысы,
полиция лейтенанты